

**Өскемен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 3743 "Өскемен қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 қазандағы № 3792 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 қазанда № 9098-16 болып тіркелді

Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 3743 "Өскемен қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24710 болып тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2 ) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін."

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қаласы әкімінің міндетін атқарушы*

*И. Смит*